



Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы МЕМОРАНДУМ

«Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты» республикалық мемлекеттік мекемесі атынан (*бұдан әрі – Институт*), Институт туралы ереже негізінде әрекет ететін директор Е.В. Тұқымов, бір тараптан және

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының «Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Қ.Б. Сафинов, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар осы Меморандумға қол қойды.

1. Меморандумның мәртебесі

1.1. Осы Меморандум ортақ мақсаттарға қол жеткізу және әріптестік ынтымақтастықты (*бұдан әрі – «ынтымақтастық»*) белгілеу үшін Тараптардың өзара күш-жігерін біріктіреді.

1.2. Осы Меморандум ниет декларациясы болып табылады және Тараптардың ешқайсысына ешқандай заңды немесе қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

1.3. Осы Меморандум алдын ала шарт болып табылмайды және оның ережелерін орындамағаны үшін Тараптардың жауапкершілігінің туындауы үшін негіз бола алмайды (Тараптардың бірде бірі осы Меморандумның орындалуына (орындалмауына), мерзімінің аяқталуына немесе бұзылуына байланысты Тарап шеккен залалды, шығындарды қоса алғанда (шектеусіз) екінші Тарапқа өтеуге міндетті болмайды).

1.4. Әрбір Тарап осы Меморандум шеңберіндегі олардың ынтымақтастығына қатысты бөлігінде екінші Тараппен алдын ала келіспей жария мәлімдемелер жасамайды.

1.5. Осы Меморандум Тараптардың бірінің қандай да бір өкілеттігіне қысым жасамайды. Осы Меморандумның кез келген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде ғана қолданылады.

1.6. Тиісті қосымша хаттамалар шеңберінде жеке ескертілген жағдайларды қоспағанда, әрбір Тарап осы Меморандумның талаптарын орындау кезінде туындайтын өз шығыстарын көтеретін болады.

2. Жалпы ережелер

2.1. Тараптар ынтымақтастығының мақсаты бірлескен идеялар мен жобаларды іске асыруға бағытталған әріптестік қатынастарды орнату және ұзақ мерзімді, тиімді өзара қарым-қатынастарды дамыту болып табылады.

2.2. Тараптар осындай ынтымақтастыққа қолданылатын жалпы қабылданған практиканы сүйене отырып, тең құқылық, ізгі ниет, құрмет пен сенім негізінде ынтымақтастықты іске асыруға ниет етеді.

3. Ынтымақтастық түрлері

3.1. Тараптар техникалық, қаржылық және өндірістік мүмкіндіктер болған жағдайда:

- Тараптарды проблемалық мәселелер бойынша тәжірибе және ақпарат алмасу үшін шақыру;
- бірлескен іс-шаралар, семинарлар, конференциялар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу;
- бірлескен ғылыми жобалар;
- Тараптар келіскен өзге де қызмет түрлері саласында ынтымақтастықты жүзеге асыруға келіседі.

3.2. Бірлескен қызметті іске асыруға қандай да бір қаржылық шығындар талап етілуі мүмкін кез келген мәселелер Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған осы Меморандумға қосымша хаттамада алдын ала келісілуге жатады.

3.3. Осы Меморандумды тиісінше орындау мақсатында Тараптар ынтымақтастықты іске асырудың барлық мәселелері бойынша байланысушы адамдар болатын бір немесе бірнеше өкілді тағайындайды.

4. Құпиялылық

4.1. Тараптар осы Меморандум шеңберінде екінші Тараптан алынған, коммерциялық не Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кез келген ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

4.2. Осы Меморандум Тараптардың кез келгеніне екінші Тараптың тиісті жазбаша келісімінсіз логотипті, тауар таңбасын немесе екінші Тараптың атауын пайдалану құқығын бермейді.

5. Меморандумның қолданылу мерзімі

5.1. Осы Меморандум Тараптардың оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

5.2. Осы Меморандум 3 (үш) жылға жасалды, егер Тараптардың бірі осы Меморандумның бұзылуы туралы хабарламаны оның мерзімі аяқталғанға дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей ұсынбаған жағдайда, кейіннен осындай уақыт кезеңіне ұзартатын болады.

5.3. Осы Меморандум біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін. Осы Меморандумды бұзуға бастамашы болған Тарап бұзудың болжамды күніне дейін 15 (он бес) күн бұрын екінші Тарапты хабардар етеді, осыдан кейін Меморандум бұзылды деп саналады.

6. Қорытынды ережелер

- 6.1. Осы Меморандумға кез келген өзгерістер мен толықтырулар екі Тараптың келісімі бойынша жазбаша нысанда жасалады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.
- 6.2. Тараптардың электрондық мекенжайларының, телефондар, телефакстер нөмірлерінің, электрондық пошталарының және байланысушы адамдарының барлық өзгерістері екінші Тарапқа хабарлануы тиіс.
- 6.3. Меморандум жасасуға Тараптардың барлық қажетті корпоративтік мақұлдаулары және осы тиісті өкілеттіктері бар.
- 6.4. Осы Меморандумды жасаумен Тараптардың құрылтай құжаттарының немесе Тараптардың әрқайсы қолданатын қолданыстағы заңнаманың ешбір ережелері бұзылмайды және оны бұзбайды да.
- 6.5. Осы Меморандумға және/немесе осы Меморандум шеңберінде және/немесе оны орындау үшін Тараптар жасасатын жекелеген хаттамаларға байланысты немесе оларға қатысты Тараптар арасында туындауы мүмкін кез келген дауларды, келіспеушіліктерді немесе наразылықтарды Тараптар келіссөздер жолымен реттеуге ұмтылатын болады.
- 6.6. Осы Меморандумға 2023 жылы «18» қазан мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей 2 (екі) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір-бірден) данадан қол қойылды.

7. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері, қолдары және мөрлері

«Қазақстан Республикасының МТҚБ «Парламентаризм Президенті жанындағы Қазақстанның институты» ШЖҚ-дағы РМК стратегиялық зерттеулер институты» РММ

мекенжай: 010000 Қазақстан Республикасы,
Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 4
электрондық пошта: office@kisi.kz

мекенжай: 010000 Қазақстан Республикасы,
Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8
электрондық пошта: instparlam@umto.kz

Директор

Е.В.Тұқымов



Директор

Қ.Б. Сафинов

